

География пәні бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған тест спецификациясы

Тест мақсаты: Жоғары оқу орындарына қабылдау мақсатында түсушілердің дайындық деңгейлерін анықтау.

Тест міндеті: Жоғары оқу орындарында білім алуды жалғастыру үшін географиядан білімді меңгеру деңгейін бағалау.

Тест мазмұны:

Тест мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес география бойынша негізгі материалдарды қамтиды

№	Бөлім	№	Тақырып
01	Географиялық зерттеу әдістері	01	Географиялық зерттеу объектілері. География ғылымының дамуы
		02	Географиялық дерек көздері. Зерттеудің далалық әдістері
02	Картография	03	Картография және географиялық деректер базасы
		04	Картография және геоинформатика
03	Физикалық география. Табиғатты пайдалану және геоэкология	05	Литосфера
		06	Атмосфера
		07	Гидросфера
		08	Биосфера
		09	Табиғи-аумақтық кешендер
		10	Табиғатты пайдалану және геоэкология
04	Әлеуметтік география.	11	Дүниежүзі халықтарының тілдік әулеттері мен топтары
		12	Дүниежүзі халықтарының діни құрамы. Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары. Ұлтаралық және дінаралық келісім
		13	Халық санағы. Дүниежүзі елдерінің ұдайы өсудің түрлері
		14	Демографиялық жағдай. Демографиялық проблемалар. Демографиялық саясат
05	Экономикалық география. Геоэкономика	15	Табиғи ресурстар
		16	Әлеуметтік-экономикалық ресурстар
		17	Әлемдік экономиканың салалық және аумақтық құрылымы
		18	Дүниежүзі шаруашылықтың даму үдерістері мен көрсеткіштері
		19	Геоэкономика негіздері
		20	Геоэкономика. Шаруашылықты ұйымдастырудың аймақтық факторлары
06	Елтану және саяси география негіздері. Геосаясат	21	Геоэкономика. Дүниежүзі елдерінің даму көрсеткіштері
		22	Дүние жүзі елдері
		23	Елтану. Дүниежүзі аймақтары
		24	Елтану. Дүниежүзі елдерін салыстыру
		25	Геосаясат. Геосаясат негіздері
07	Адамзаттың ғаламдық проблемалары	26	Ғаламдық проблемаларды шешу

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 50 %, орташа деңгейде В – 30 %, жоғары деңгейде С– 20 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

Тесттегі тест тапсырмаларының саны:

Тест география пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 25 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 5 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 1 контекст;
- 5 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 5 сәйкестікті анықтауға арналған тест тапсырмалары бар.

Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы

Тест тапсырмалары түсушілердің география пәні бойынша білімін, біліктілігі мен дағдыларын, игерген білімдерін өмірлік жағдайларда пайдалану құзыреттілігін тексеруге бағытталған.

Тест тапсырмаларын орындау уақыты: тест тапсырмасының орындалу уақытының орташа ұзақтығы – 1,5-2 минутты, жалпы тестті орындау уақыты – 70 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».